ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2024 жылғы 26 желтоксан №7119-24-00-2/16660 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.М.Баткалова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана-Теплотранзит» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Телеграм» атынан - Уазим Айнұр

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Астана-Теплотранзит» акционерлік қоғамының жеке кәсіпкер «Телеграм» атынан - Уазим Айнұрға қойған мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы қойған талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Телеграм» атынан - Уазим Айнұр мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Телеграм» атынан - Уазим Айнұрдан мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның

Астана қаласы
«АСТАНА-ТЕПЛОТРАНЗИТ» АҚ
№1 Кіріс № 798-к
25 20 02

оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Г.М.Баткалова**

Документ подписан: Баткалова Г. М., 27.12.2024

Дата вступления в законную силу: 07.02.2025, судья Баткалова Г. М., 19.02.2025

7119-24-3-1/16105